

## АНДАТПА

Бұл диссертациялық жұмыста қазіргі кездегі жақсы дамыған коллекторлық жүйені күнделікті жылы сумен қамтамасыз ету жүйесінде қолдану тиімділігі қарастырылған. Жылы сумен қамтамасыз ету жүйесі ең алдымен, коллектор істеп шыққан жылы судың энергиясының құндылығына байланысты болып келеді. Сондықтан, бұл жүйеге коллекторды қолданудың алдын экономикалық тиімділігін есептеу қажет. Осы мәселе диссертациялық жұмыста қарастырылып, нәтижелер Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түркік университетін жылы сумен қамтамасыз ету жүйесінде қолдану мүмкіндігі дәлелденген.

## АННОТАЦИЯ

В данной диссертационной работе рассмотрены экономическая эффективность применения коллекторной системы в повседневной системе горячего водоснабжения. Система горячего водоснабжения в первой очереди зависит от энергии горячей воды производимый солнечным коллектором. Поэтому, перед тем как внедрить применение коллектора в этой системе, нужно рассчитать экономическую целесообразность. В работе приведен алгоритм оценки такой эффективности и доказан возможность применения коллектора в системе горячего водонабжения международного казахско-турецкого университета имени Х.А.Ясави.

## ANNOTATION

In this dissertation work considered the effectiveness of using the collector system in daily system of hot water supply. System of hot water supply is primarily dependent on the energy of hot water which produced by solar collectors. Therefore, before introducing the application of collector in this system, it is necessary to calculate the economic feasibility. The work shows the algorithm evaluation of such effectiveness and proves the possibility of using collector in system of hot water supply of the International Kazakh-Turkish university by name H.A. Yasavi

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланған:

1. 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасын бекіту туралы заң;
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
3. «Жоғары білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысы;
4. 2009 жылы қабылданған «Қалпына келетін энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының заңы;

## АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы магистрлік диссертацияда сәйкес анықтамалары бар келесі терминдер пайдаланады:

*Күн энергетикасы дегеніміз* – күннің сәулеленуін пайдаланып қандай да бір түрдегі энергияны алуға негізделген дәстүрлі емес энергетика бағыттарының бірі.

*Күн коллекторы* – күн энергиясының радиациясын барынша қабылдау үшін, қара түске боялған, әдетте ғимараттардың шатырында орналастырылатын металл тілімшесі және тұтікше модулі күн энергиясын жинақтауға арналған құрылғы.

*Жылу техникасы* – жылу энергиясын алу мен оны пайдалану әдістерін қамтитын ғылым мен техника саласы.

$L_{\text{ГВ}}$  – ыстық сумен қамтамасыздандыру жүктемесі, МДж;

$Q_{\text{пол}}$  – күн коллекторының пайдалы жылу қуаты, Вт/м<sup>2</sup>;

$\mathcal{E}_{\beta}$  - коллекторының жазықтықта күн радиациясының жалпы ағынының тығыздығы, Вт/м<sup>2</sup>.

$Q_{\text{П}}$  – коллектордың өндіретін пайдалы жылудың саны, кВт·сағ/м<sup>2</sup> · күн;

$C_{\text{ТЭ}}$  – ыстық сумен жабдықтау жүйесінің тұтынушыларға берілетін жылу энергиясының құны;

$G_{\text{ДТ.УД}}$  – дизельдік отынның меншікті мөлшері;

$q_{\text{ГВС}}^{\text{сут}}$  – қазандық аймақтарының бір күндегі жылуға мұқтаждығы, ккал/күн;

$q_{\text{ГВС}}^{\text{Ч}}$  – қазандық аймақтың бір күндегі жылумен қамтамасыздандыратын орташа сағаттық шығыны, Гкал/сағ;

$G_{\text{В}}^{\text{Ч}}$  – ыстық судың орташа сағаттық шығыны, кг/сағ;

$G_{\text{В}}^{\text{сут}}$  – қазандық аймақтың бір күнде кететін ыстық судың орташа күндік шығыны, т/күн;

$q_{\text{ГВС}}^{\text{сезон}}$  – жылдың жылы кезеңінде жылтытуға кететін жылудың шығыны, Гкал/мезгіл;

$G_{\text{ДТ}}^{\text{сезон}}$  – жылдың жылы кезеңінде дизельдік отынның жалпы шығыны, т;

$F_{CK}$  – жүктемені қанағаттындыра алатын күн коллекторының ауданы,  $m^2$ ;  
 $R$  – жылумен жабдықтау жүйесінің шығындарын күн коллекторы арқылы қанағаттандыруының тиімділігі, %.

ХҚТУ – халықаралық қазақ түрік университеті;

СЭС – су электр станциясы;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ЖКСК – жазық күн су жылыту коллекторы;

ЫСЖЖ – ыстық сумен жабдықтау жүйесі;

ЫСЖ – ыстық сумен жабдықтау;

ЖКК – жазық күн коллекторы;

ШҚО – шығыс Қазақстан облысы;

ЕО – европалық одық;

АҚШ – Америка құрама штаттары.

## КІРІСПЕ

**Тақырыптың өзектілігі.** Еліміз бен халқымыз осыған дейін сан алуан қыындықтарды басынан кешіріп, ғасырлар бойы армандаған келген – тәуелсіздігіне де қол жеткізді. Тәуелсіз мемелекетіміз дамыған елдердің қатарынан қалмай әлеуметтік, экономикалық және басқа да әр түрлі салалар бойынша жүйелі жұмыстар атқаруда. Сонымен қатар, алда күтіп тұрган белестерге көз тігуде.

Бүгінгі күнде мемлекетімізді қайта жаңғыртылатын энергия көздеріне энергетикалық саланы дамытудың маңызды бір бөлігі ретінде назар аудара бастады. Еліміз бен бірқатар бизнес құрылымдар тарапынан оны пайдалануға енгізуге зор атсалысып жатыр. Біріншіден, қайта жаңғыртылатын энергия көздерін тиімді пайдалану энергияны үнемдеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, экологиялық мәселелерді біршама азайтып, шешеді деуге болады. Қазақстан Республикасында қайта жаңғыртылатын баламалы энергия көздерінің тұрақты саласын құру еліміздің тікелей қатысуымен жүзеге асадын шаруа. Сондықтан да қазіргі таңда осы мәселе үкімет деңгейінде қолға алынып отыр.

Қайта жаңғыртылатын энергия көздері көмегімен электр энергиясын өндіру бүгінгі күнде дамыған әлемдік технологияларды енгізуге және де энергетикалық тұрғыдан тиімді бағдарламаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретіні даусыз. Сондықтан, қайта жаңғыртылатын энергия көздеріне қазіргі күннен бастап ерекше назар аударуымыз тиіс. [29]

Еліміздің климаттық жағдайы – күн энергиясын пайдалануға өте қолайлы болып келеді. Галымдарымыздың айтуынша елімізде күн энергиясын пайдалану және оны өндіру мүмкіншілігі жылына 2,5 миллиард кВт·сағ-ты құрайды. Бұл мәселе отандық ғалымдарымызды жаңа жобаларды іске асыруға алға жетелеп отыр. Күн энергиясын пайдалану тек электр энергиясын ғана емес, сонымен қатар онымен бірге жылу энергиясын да қатар алу мүмкіншілігін береді. Бұл бір жағынан арзан, әрі екінші жағынан қолайлы болып келеді. Осы себептерге байланысты, еліміздегі ғалымдар қайта жаңғыртылатын энергия көздерін, соның ішінде күн энергетикасын дамытуға ерекше назар аударып отыр.

Күн энергиясы планетамыздың ең маңызды тіршілік көзі. Ол Жер ғаламшарының атмосферасы мен беткі қабатын әрдайым жылдытып отырады. Күн энергиясы арқылы желдің соғуы, табигаттағы судың айналымы, өсімдіктер дамуы, жануарлардың азықпен қамтамасыз етілуі жүзеге асады. Сонымен қатар тікелей Күн энергиясының әсерінен Жер қойнауында қазба байлықтар түзіледі. Күн энергиясын жылуға немесе суыққа, электр энергиясына немесе қозғалтқыш күшке айналдыруға болады. [26]

Еліміз жер шарының солтүстік ендігінде орналасса да, аумағымыздығы күн радиациясының түсі өте жоғары болып келеді. Және де, аймақта күн энергиясының көмегімен тек қана электр энергиясын емес, сонымен қатар, жылу энергиясын алу

үшін де пайдалануға болады. Бұл мақсатқа жету үшін күн энергиясынан алынатын жылу энергиясы елді мекенниен тыс жерлерде орнатылғаны дұрыс.

Қайта жаңғыртылатын энергия көздерінің көмегімен энергияны алушың тек экологиялық емес, сонымен қатар, экономикалық тиімділігі де болады. Мәселен, қайта жаңғыртылатын энергия көздерінің көмегімен электр қуатын өндіру немесе жылу энергиясын өндіру арқылы еліміздің энергияға мұқтаж жерлерінде біршама тиімділікке қол жеткізе аламыз.

Күн адамзат баласын тегін энергиямен қамтамасыздандырады. Бұл дегеніміз энергияның мөлшері әлем бойынша пайдаланатын энергия мөлшерінен 10 000 есе артық болып табылады. Күн коллекторлары арқылы тұрғылықты үйлерді және көлемді ғимараттарды ыстық сумен қамтамасыз етуге болады. Осылайша, таңдаған зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігі айқындалып, оның маңыздылығы ешқандай да күмән тудырмайды деп есептейміз. [23]

**Зерттеудің мақсаты.** Жұмыстың негізгі мақсаты – халықаралық қазақ-түрік университеті (ХҚТУ) үшін күн коллекторларынан құралған жылуэнергетикалық жүйенің тиімділігін бағалау болып табылады.

Осы орайда диссертациялық жұмыстың мақсатын іске асыру үшін келесідей тәменде аталған мәселелерді шешу керек:

- коллекторлардың конструкциясын салыстыру арқылы жылу өнімділігін зерделеу және анықтау;
- университет корпустарын жылумен қамтамасыздандыру үшін күн коллекторларына есептеулер жүргізу;
- экономикалық тұрғыдан тиімді болып келетін күн коллекторының түрін таңдаудағы есептеулерді жүргізу және нақты қорытындылар ұсыну;
- ұсынылып отырган энергетикалық жүйені дизельдік жүйемен салыстыра отырып экономикалық тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – дизельдік және күн коллекторлары арқылы жылумен қамтамасыздандыру жүйесінің салыстырмалы есептеу алгоритмі ұсынылған;

- күн коллекторларынан құралған жылуэнергетикалық жүйенің экономикалық тиімділігі ұсынылған.

### **Зерттеу нәтижелерінің ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы.**

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми маңыздылығы – күн энергиясын жылумен қамтамасыздандыру жүйесінің тиімділігінің қорытындалары энергетика саласын дамыту, энергия тиімділігі және инновациялық даму мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарында және оқу үрдісінде пайдаланылуы мүмкін.

Сонымен қатар, күн коллекторының тиімділігі жылумен қамтамасыздандыру жүйесінде пайдалану мүмкіншілігі зерттеудің тәжірибелік маңыздылығына жатады.

**Жұмыстың апробациясы.** Магистрлік диссертация бойынша алынған негізгі нәтижелер «Жаңа формацияда кәсіптік білім беру мәселелері» атты III-

дәстүрлі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда, А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің электр инженериясы және компьютерлік инженерия кафедраларының біріккен семинарында баяндалып, талқыланды.

**Тақырыптың ғылыми зерттелу дәрежесі.** Құн коллекторын жылумен қамтамасыздандыру жүйесінде қолдану және оның экономикалық тиімділігін анықтау мәселесі арнайы зерттеуді қажет етеді. Себебі осы мәселе көптеген ғалымдардың басты назарында болып отыр.

Құн энергиясын пайдалана отырып жылышту үрдістері мәселесіне арналған еңбектер қатарына Дж.А.Даффи мен У.А.Бекман еңбегін бөлек атауга болады. [1] Авторлар құн сәулеленуін, құн радиациясын, жылышту жүйесін, жылу алмастыру жүйесін, коллекторлардың түрлеріне жан-жақты сипаттама берген. Сонымен қатар, Дж.А.Даффи және У.А.Бекман «Расчет систем солнечного теплоснабжения» атты еңбегінде нақты құн энергиясы арқылы жылышту жүйесіне есептеулер келтіріп, жеке дербес арна ретінде қарастырады. [21]

Құн энергиясын пайдалану жолдары мен тиімділігін Р.Р.Апариси өз еңбегінде зерделеп, негізгі қорытындыларын ұсынған. [20] Құн энергиясының көмегімен жылышту жүйесінің есептеулері мен сұлбалары М.И.Валовтың «Системы солнечного теплоснабжения» атты еңбегінде көнінен беріледі.

Магистрлік диссертациялық жұмыстың орындалуы барысында электроэнергетика, қайта жаңғыртылатын энергия көздері, құн энергетикасы және жылумен қамтамасыздандыру жүйесі бойынша жарық көрген отандық ғалымдардың ішінде А.В.Харитонов, Ж.Шотанов. К.Дүкенбаев Қазақстан энергетикасы саласы бойынша бірқатар еңбектерін арнаған.

**Магистрлік диссертация жұмысының құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

**Негізгі сөздердің тізбесі:** қайта жаңғыртылатын энергия, жазық құн коллекторы, құн сәулеленуі, құн радиациясы, салыстырмалы жылу шыгару мүмкіндігі, жылу тиімділік, энергетикалық жүйе.

**Жарияланымдар туралы мәліметтер.** Магистрлік диссертацияның негізгі мазмұны тәмендегі тізімдегі 2 баспа жұмысында жарық көрген:

1. Расчет технико-экономических показателей солнечных водонагревательных коллекторов // А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің хабаршысы. – 2015. - №2 (94) наурыз-сәуір. – 35-41 б.

2. Эффективность низко-потенциальных плоских солнечных коллекторов // «Жаңа формацияда кәсіптік білім беру мәселелері» атты III-дәстүрлі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Түркістан-Мәскеу, 2015. III том. 37-41 б.

## 1 ҚАЙТА ЖАНҒЫРТЫЛҒАН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ. ЖАЗЫҚ КҮН КОЛЛЕКТОРЫ


### 1.1. Қайта жанғыртылған энергия көздері және күн энергетикасы

Қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде (соның ішінде атомды энергетикасына ие және дамыған елдерде) қайта жанғыртылатын энергия көздеріне аса маңызды назар аударылуда, онда күннің, желдің, судың және био отынның пайдаланылу мүмкіншіліктері зерттелуде. Қайта жанғыртылатын энергия көздері табиғатта таза құйінде кездеседі, сондықтан да олар экологиялық зардаптарын алғып келмейді. Сонымен қатар, қайта жанғыртылатындығы үшін де оларды сарқылмайтын энергия көздеріне жатқызуға болады. Алайда, қайта жанғыртылатын энергия көздерін әр түрлі нысандарды электрмен жабдықтауда пайдалану қазіргі кезде белгілі бір дәрежеде күрделі мәселе болып отыр.

Осылайша, қайта жанғыртылатын энергия көздерінің кейбіріне уақыт бойынша қуаттының тұрақсыздығы байқалады. Мәселен, қайта жанғыртылатын энергия көздерінің қуаттының өзгеру графигі энергияға мұқтаждық графигімен сәйкес келмейді (сәйкес келмеу мәселесі).

Сонымен қатар, бүтінгі күнде қайта жанғыртылатын энергия көздерін пайдалана отырып, энергия алуға кететін шығын қазып алынатын отын арқылы алынатын энерго құрылғыларға кететін шығыннан асады (баға мәселесі). Қайта жанғыртылатын энергия көздерінің энерго құрылғыларының құрылымымен байланысты аздаған кемшіліктері бар.

Алайда, бұл мәселелер шешілмейді деген сөз емес. Бұл мәселе қайта жанғыртылатын энергия көздерін пайдалану сұрақтары толық жетілмегендігін білдіреді. Ғылым мен техниканың электротехника саласындағы қазіргі заманғы жетістіктері (электрқабылдағыштардың ПЭК-ін жоғарылату және жинақтауды қоса), сонымен қатар дәстүрлі отынның бағасының тоқтамсыз өсуі қайта жанғыртылатын энергия көздерінің энерго құрылғыларының бағасы жаңында оның пайдаланылуының маңызды мәселелерін шешуге жол ашады. [16, 20]



1.1-сурет. 2003-2011 ж.ж. аралығында Қазақстанда жылу энергиясын өндіру динамикасы

Халық санының динамикасын талдай отырып, регрессия теңдігіне сәйкес, Қазақстан халқының саны 2014 жылға 17 млн-ға жетеді деп болжанған болатын. Жыл сайын халықтың меншікті жылуды тұтынуы 1,84%-ға өсетінін ескеретін болсақ, онда 2013 жылдан бері әр жан басына шаққанда жылына 12,88 Гкал келеді екен. Осы мәліметтерді ескере отырып, Республика халқының қажетті жылумен қамтамасыз етуінің жалпы көлемі 217 661,4 Гкал (16 891,43 мың адам·12,88 Гкал/жыл) құрайтынын білеміз. Осыған байланысты жыл сайын 117 187,2 мың Гкал мөлшерінде жылу энергиясын өндіруге тура келеді, немесе жылумен қамтамасыз ету саласында энергия тиімділігін және энергия үнемдеуін жоғарылату керек.

Тұрақты өсіді және тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету мақсатында қайта жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалану қолайлы болып қалады.

Қазіргі таңда энергияның қорын үнемдеу мәселесі негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Өнеркәсібі дамыған әлемдегі көптеген елдерде энергияның корларын үнемдеу мәселесін шешу алға қойылған. Себебі, жылу электр станцияларында жылтыту жүйесі көмірдің және көмірсутегінің көмегімен іске асырылады. Бұл жағдай ақырында экологиялық зардаптарға алып келуі мүмкін. Сондықтан да әлемде қайта жаңғыртылатын энергия көзін энергияны үнемдеудің негізгі шешімі ретінде қарастырып отыр. [32]

Қазақстанның қайта жаңғыртылатын энергия көздерін қолдану мүмкіншілігі ете жоғары болып табылады. Галымдардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, еліміздің жалпы судың көмегімен энергия алу мүмкіншілігі жылына 170 млрд кВт/сағ-қа жетеді деп пайымдайды. Әйтсе де, қалпына келетін энергия көздерін пайдалануда зор әлеуетке ие. Зерттеулерге сүйенсек, Қазақстанның жалпы су әлеуеті жылына 170 млрд кВт/сағатқа жетеді екен. Солай бола тұра, қазіргі таңда Қазақстанның басты қуат көздеріндегі СЭС-тің үлесі тек 12,3%-ды құрайды. Әрине, бұл көрсеткіш экономикасы дамыған елдермен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Дегенмен, бұл салада жүргізілген жұмыстар нәтижесіз емес, атап айтсақ, қуаты 300 МВт-қа тең Мойнақ СЭС-і, 49,5 МВт-ты құрайтын Кербұлақ СЭС-і мен қуаты 68,25 МВт Бұлақ СЭС-і сияқты ірі жобаларды іске асыруды бастап кетті.

Географиялық орналасуы жағынан Қазақстанның жел энергетикалық әлеуеті де жоғары, жылына 0,929-дан 1,82 млрд кВт/с-қа жетеді. БҮҮ-ның Жел энергетикасы бойынша даму бағдарламасы аясында жүргізілген зерттеулер Қазақстанның бірқатар өнірлерінде, яғни 50 мың шаршы метрге тарта аумақта желдің жылдамдығы 6 м/с-тан асатынын дәлелдеп берді. Бұл ретте, Жоңғар қақпасының жел энергетикалық ресурстары мен Балқаштың климаттық жағдайы ерекше маңызға ие. Балқаш өнірінде Сарыарқаның аңызық желі үздіксіз соғып тұрады.

Жалпы, қалпына келетін дәстүрлі емес жел энергиясының келешегі зор, экологиялық таза, қоры ешuaқытта сарқылмайды, әрі арзан, тиімді. Оларды пайдалану табигат баланстарын бұзбайды. Сол себепті, еліміз 2011 жылдың наурызында Жамбыл облысында екі бірдей ірі жобаны – Жаңатас (400 МВт) және Шоқпар (200 МВт) жел энергетикалық кешенін іске асыру жұмыстарын бастады. Олардың құрылышына құйылған инвестиция көлемі 1 млрд долларға жуықтады. Сонымен қатар, 2014 жылға қарай мемлекеттің қолдауымен 51 МВт қуаттылықпен Шелек дәлізі, Жонғар қақпасы (алғашқы кезеңде 50 МВт) аумағында, ШҚО Ұлан ауданында (24 МВт) және өзге де өнірлерде жел энергетикалық кешені құрылышын жүргізу жоспарланып отыр. [33]

Желді адамдар мындаған жылдар бойы энергия көзі ретінде пайдаланып келді. Жел энергиясы арқылы желкенмен жүзген. Дәнді-дақыл өнімдерін ұнтақтау үшін жел диірменін пайдаланды, қажеттілігіне жаратты. Осыдан-ақ адамзат үшін жел энергиясының маңызы ешқашан жоғалмайтынын пайымдауга болады.

Қазақстанның климаттық жағдайы күн энергиясын пайдалануға қолайлы болып табылады. Елімізде күн энергиясын өндіру мүмкіндігі жылына 2,5 млрд кВт/сағатқа бағалануда. Қазақстан солтүстік ендікте орналасқанына қарамастан, республика аумағындағы күн радиациясының әлеуеті өте жоғары. Сонымен қатар, өнірде күн энергиясы электр қуатын өндіру үшін ғана емес, жылу алу үшін де пайдалануға болады. Ол үшін орталық электр және жылумен қамтамасыз ету жүйелерінен шалғай жатқан аудандарда күн қондырғылары орнатылуы тиіс.

2015 жылға дейін жалпы қуаттылығы 91 МВт күн қондырғыларын іске қосу қарастырылған. Сонымен бірге, Қазақстанда күн энергетикасын дамытуға қажетті кремний және фотоэлектрлік элементтер шығаратын өндірістік база құруға бағытталған шаралар қабылданып жатыр. Күн батареялары қатты кремний материалынан жасалынады, бұл жер қойнауындағы оттегіден кейін ең көп таралған элементтердің бірі. Фотоэлектрлік станциядағы 1 келі кремний өндіретін энергияның көлемі жылу электр станциясында 75 тонна мұнай жұмсап өндірілген энергиямен пара-пар. Соңдықтан кремнийді 21 ғасырдың мұнайы десек те артық айтпаймыз. [9, 22]

Биологиялық отынды қолдану белгілі бір көлемде қордың жиналуына ықпал ететінін атап өту керек. Ауыл шаруашылығы өндірісі қалдықтарын қайта өндеу есебінен жыл сайын 35 млрд кВт/с электрлік және 44 млн гигакалориялы жылу энергиясын алуға болады екен. Биогаз өміріміздегі экологиялық, энергетикалық, агрехимиялық проблемаларды шешуге қауқарлы. Биогазды жарықтандыруға, үй жылтытуға, тамақ пісіруге, көлік, электр генератордың роторларын қозғалту мақсатында қолданады. Ғалымдардың есептеуінше, 1 м<sup>2</sup> аумақты жылтыу үшін жылына 45 м<sup>3</sup> биогаз қажет, ал су жылтыу үшін күніне 5-6 м<sup>3</sup> биогаз керек.

Қазақстанда қалпына келетін энергия көздерін пайдаланудың басты мақсаты энергетиканың қоршаған ортаға кері әсерін төмендету екенін айттық. Әлемдік тәжірибеде солай. Мысал үшін, бір ғана 2009 жылдың өзінде КР Қоршаған ортаны

қорғау министрлігінің мәліметі көрсеткендей, атмосфераға шығарылған ластаушы заттардың көлемі 3,4 млн тоннаны құрап, оның 85%-ы 43 ірі кәсіпорынға тиесілі болған. Оның үстіне, қазіргі таңда Қазақстанда жалпы өндірілетін электр энергиясы 85%-ға дейін органикалық отынды – негізінен, жергілікті көмірді және аз көлемде көмірсутекті шикізаттарды жағу жолымен алынатынын ұмытпаған жөн. Стационарлық көздерден еліміздің атмосферасына қалдықтардың 10%-ға жуығын және улы қалдықтардың басым үлесін мұнай және ілеспе газ өндіру саласында жұмыс істейтін кәсіпорындар шығарады. Осы ретте, қалпына келетін энергия көздерін қолдану арқылы энергетикадан бөлінетін парник газдарын 500 мың тоннадан 2,5 млн т CO<sub>2</sub>-ге дейін азайтуға мүмкіндік бар.

Қалпына келетін энергия көздерін пайдаланудың экономикалық тиімділігі де бар. Атап айтсақ, оны электр қуатын өндіру және жеткізу үшін қолдану арқылы Қазақстанның энергияға тапшы өнірлерінде үнемділікке қол жеткізуге болады. Сонымен қатар қайта қалпына келетін энергетика елдің шалғай өнірлерін дамытудың маңызды факторына айналмақ. [7]

Мемлекеттік деңгейде шаралар қабылданып жатқанына қарамастан, Қазақстанда қайта қалпына келетін және баламалы энергетика кенже қалған. Өкінішке қарай, бірнеше құрылышты, атап айтқанда, жел энергетикасы кешендерін салуға талпыныс жасалғанымен республикамызда бүгінгі күнге дейін бұл салада бірде-бір ірі жоба іске қосылмаған еken. Мәселен, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәліметі бойынша, 2010 жылы баламалы энергия көздерінің үлесі 0,03%-ды құраған. Яғни, жалпы энергия көлемінің бір пайзына да жетпейді. Бұл дегеніміз, бұл саланы әлі де болса жетілдіре түсу қажет екенін көрсетсе керек. Салыстыру үшін айтсақ, тіпті, озық қалпына келетін энергия көздерін қолдану бойынша әлемдік аутсайдерлердің қатарына кіретін Ресейде де оның үлесі төмен, жалпы өндірілген энергияның бар-жоғы 1%-ын құрайды. Сонымен қатар оның базасында алынған жылу энергиясы 3%-ға жуықтайды.

Ірі су электр станцияларында өндірілген энергияларды есепке алғанда Қазақстанның энергия балансындағы қалпына келетін энергия көздерінің үлесі 12,3%-ға әрең жетеді.

Қазақстанда соңғы жылдары қалпына келетін энергия көздерін қолдауға бағытталған заңнамалық базалар мен бірқатар салалық бағдарламалардың қабылдануы бұл саланың дамуына оң ықпал етеді деп сенеміз. Республикалық заңнамалық базаның маңызды ережелерінің қабылдануына байланысты қазірдің өзінде Қазақстандағы қалпына келетін энергия көздері жобасына инвесторлардың қызығушылығы артып жатыр. Оның ішінде Қытай және Германия сияқты жетекші елдердің де инвесторлары бой көрсетуде. [11]

Киота келісімдерін іске асыру аясында климаттың өзгеруі жөнінде Копенгагенде өткен коференцияда Қазақстан парник газдарды 1992 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2020 жылға қарай 15%-ға, 2050 жылға қарай 25%-ға төмендету бойынша міндеттемелер алды. Атап айтқанда, 2010-14 жылдарға

арналған «Жасыл даму» салалық бағдарлама аясында 2009 жылмен салыстырғанда атмосфераға бөлінетін зиянды қалдықтарды кем дегенде 5,9%-та төмендетуге үәде етіп отыр.

2009 жылы қабылданған «Қалпына келетін энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының заңы электрлік және жылу энергиясы өндірісі үшін қалпына келетін энергия көздерін пайдалануды ынталандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін бекітті. Бұл Заң қайта қалпына келетін энергия көздері жобасына арналған инвестициялық артықшылықтар беруді, нарықта және оларды желілер бойынша беру кезінде «таза» электр энергиясын пайдаланудың басымдықтарын қарастырады, сонымен қатар мемлекеттің бақылауындағы сертификаттар жүйесі арқылы қолдау көрсетеді.

2020 жылға дейінгі Қазақстанның Стратегиялық даму жоспарына сәйкес, электр энергиясын тұтынудың жалпы көлеміндегі баламалы энергия көздерінің үлесі 2015 жылға қарай 1,5%-ды, 2020 жылға қарай 3%-ды құрауы тиіс. 2010-14 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Удемелі индустриялдық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы қойған басымдықтар 2014 жылы қайта қалпына келетін энергия көздерінің көлемін жылына 1 млрд кВт/сағат деңгейіне жеткізуді көздейді.

Қорыта айтқанда, еліміз қайта қалпына келетін энергия көздерін дамытуды заңдық тұрғыдан мықтап бекітіп алған. Нақты жұмыстар атқарылуда. Оның үстінен, баламалы энергетиканы іске асыру үшін өзге елдердегідей шиеленіскен түйіндер жоқ бізде. Әлемдік монополистер «жүйеге қосылуға рұқсат берे ме, қуатымызды өткізе ме, жоқ па» деп бас қатырып жатпаймыз. Демек, баламалы энергетиканы қолдану ел экономикасын жаңғыртудың маңызды факторына айналатын күн де алыс емес деген сөз. [15]

Қоғамның тұрақты дамуы кеңінен қолданылатын тауарларды өндіруге байланысты. Мұндай тауарларды өндіру халықтың материалдық және әлеуметтік сұраныстарын қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Осындай тұрақты дамуға қол жеткізуідің бірден бір жолы жел, күн немесе су энергиялары секілді баламалы немесе жаңартылған энергия көздерін пайдалану.

Жаңартылған энергияның шексіз қорын пайдалана отырып Қазақстан тек қана тұрақты дамып қоймай, қымбат тұтыну тауары болып табылатын бағалы электроэнергия өндірісімен шектелмей, құрылыш, электротехника, машина өнеркәсібі мен энергетика саласында тұрақты және жоғары білікті жұмыс орындарын аша алады.

Қазақстанның энергия қоры көздері мол болуымен қатар, жаңартылған және баламалы энергия көздерін өндіруге мол әлеуеті бар.

Жаңартылған энергияны қолжетімді бағамен жаппай өндіру кезінде энергияның бұл түрін тұрақты түрде арзан бағаға сату, елдің экономикалық-әлеуметтік дамуына оң пайдасын көру, өндірісте жаңа жұмыс орындарын ашу,

қоршаған ортаны таза сақтау мен жаңартылмайтын энергия көздерін келер үрпаққа қалдыру секілді пайдалары болмак.

Сонымен қатар, Қазақстан бәсекеге қабілетті салаларында мамандануы маңызды. Энергия өндірісі салаларына мамандану халықаралық және еңбектің салалық түрлерінде ең көп сұранысқа ие болатын тауарларды өндіруге жол ашады.

Жел күшінің ондаған мың МВт-тың әлеуеті сағатына 1 трлн кВт, Су электростансалық әлеуеті мыңдаған МВТ, жайлы күн климаты, өзге аймақтарға жеткізе алу мүмкіндігі, Қазақстанның дәстүрлі ірі энергия көздері орнынан алыстырығы мен табиғаттағы жел айналымының бір бағыттан (Ерейментау, Жұзқұмық) және кезеңімен бірнеше бағыттағы жел ауысуы (Жонғар қақпасы, Шелек, Қордай).

Оңтүстік Қазақстан облысы жаңартылған энергия көздеріне бай. Көмір, мұнай мен газды тасымалдау және қамтамасыз ету үшін бірнеше шақырымдық қашықтыққа байланыс орнатылу керек.

Оның барлығы өте үлкен шығын. Ал жаңартылған энергия көздері аймақта өте тығыз орналасқан. Энергияның баламалы көздерін игеру тек осы өңірді ғана энергиямен қамтамасыз етіп қана қоймай, энергияны өте мол тұтынатын Қытай секілді жақын шет елдерге де тасымалдауга мүмкіндік береді.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, Қытайдың қазіргі және келешектегі сұранысы қазақстанның барлық энергия өндірісің тен жартысын қамтиды. Шанхай Үйнімақтастық Үйымының мәліметінше, КХР жылына 40 млрд кВт·сағат энергияға мұқтаж. Болашақта Қытайдың Қазақстан энергиясына деген сұранысы арта түспек. Қытайдың көптеген аймақтарында электроэнергия бағасы біздің елден 30-50%-ға қымбат. [28]

Сонымен қатар, республика көлемінде жел энергиясы әлі де иигерілмеген, өте үлкен қоры жинақталған. Оның бірден бір себебі елде электротехника мен машина өнеркәсібінің дамымауы.

Осылайша, КР да жаңартылған энергия көздерін игеру тек қана өнеркәсіп пен технологияның осы салага байланысты түрін дамытуға тәуелді.


Осы ресурстарды игеру отандық технология мен өндіюісті құруда өте үлкен экономикалық әсер береді. Жергілікті жерге бейміделген өнеркәсіптер бәсекелестік кезінде барынша сапалы тауарлар өндіре бастайды. Қазақстанда жаңартылған энергия көздерін, оның ішінде жел энергиясын жаппай өндіруге кірісу үшін бағасы жағынан дәстүрлі қазба энергиямен бәсекелестік қабілеттің анықтау керек. Әсіресе жел энергиясы елімізде үлкен өнеркәсіптер мен алыс жердерге тасымалдау үшін қолдануға ең тиімді энергия түрі.

Еуропадағы жаңартылатын энергия көздерін дамыту үшін, жаңартылатын энергия көздерін мемлекеттік қолдаудың екі моделін бар. Көздерінен міндетті квоталар жалға билік Британдық модель жүргегінде. Бұл модель Франция және Ирландия ұстануға, алайда, осы елдерде баламалы энергетиканы дамыту қарқыны неміс үлгісіне жұмыс, мемлекеттердің қарағанда әлдеқайда төмен. Германияда,

Дания, Испания жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жобаларының мемлекеттік субсидия кепілдік беріледі. [47]

Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерін дамытуға кедегі көптеген онжылдықтар бойы жалғасады қазба отын мемлекеттік және кең көмірсүтегі қорларының қолдауымен жетіспеушілігі, болды. Бұл себептер бойынша, дәстүрлі электр станцияларын, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану өсімдіктер қарағанда жоғары, кейбір жағдайларда тиімділігін одан «ұтымды» құрылые болып саналады отыр.

1.2-суретте күннің көмегімен жылумен жабдықтау жүйесінің сұлбасы келтірілген.



1.2-сурет. Күннің көмегімен жылумен жабдықтау жүйесінің сұлбасы

1 – күн коллекторы, 2 – ыстық судың аккумулятор қоймасы, 3 – жылу алмастырыш, 4 – едені жылтырылған гимарат, 5 – дублер, 6 – пассивті күн жүйесі, 7- ұсақ жұмыр тасты аккумулятор, 8 – клапандар, 9 – желдеткіш, 10 – гимаратқа жылы ауаның берілуі, 11 – гимараттан подача өндөлген ауаның берілуі.

Пассивті күн жылтыту жүйесі дизайн қарапайым және тиімділігі жоғары бар, жүйе қуаты жылтыратын гимараттар 60% дейін қамтамасыз ете алады. Салынған ретінде күн жылу сәуле енжар пайдалану құрылые жобалау стандарттарына сәйкес, назарға құрылые элементтерін пайдаланады ауданы жылу жүйесін, жабық климат үшін ең жинақтау күн энергиясын климаттық процестер отырып анықталуы мүмкін.

Шартты ашық және жабық болып бөлінеді пассивті күн. Ашық жүйелердің жылы күн сәулесінің сәулелер (мөлшері өсті) терезе саңылауларынан және жылтыратын құрылыштар бөлмеде арқылы қазандығының еніп. Соңғы осылайша алушылар мен батареялар жылу болып табылады.

Мұндай жүйелер, атап айтқанда, өте қарапайым, бірақ кемшіліктер бар: термиялық өндеу тұрақсыздығы; кейбір жағдайларда, өйткені қарқынды күн экспозиция бөлмеде ынғайсыз жағдайы туындейды; қосымша жылтыту жүйесі үшін қажеттілік. [12]

Жабық жүйелерде, күн радиациясының ағыны бөлмесінде емес еніп, және қабылдағыш, сыртқы қоршау конструкцияларының ұштастыра отырып, күн

сәулесінің жұтып. Бұл жүйе негізгі жобалау мақсаттары (құрылымың элементтері) функциясы ретінде қызмет етеді және қабылдау, сактау және жылу беруді ерекшеліктері.

Жылу қабылдағышты жобалау әдетте жылу аккумуляторлық құрылыммен жүзеге асырылады. Ашық жылыту жүйесі бар тізбек құрылымы көрсетілген. Жабық құрылыштарды, мұндай біркелкі жоғары тәуліктік температура. Инсоляция болмаған жағдайда кеңістігін көлемінің күрт салқыннату болып табылады.

Тәулік ішінде күн радиациясының ағыны бөлме қабырғаларын жоғары температурамен қыздырады. Себебі, бөлмеде ауа айналымының болмауына байланысты ауа температурасы оте жоғары болып табылады. Алып салған жағдайда бөлме температурасы айтартылған тәмендейді.

Жылу қабылдауға қабырға жүйесі арқылы жылу пассивті айналымы бар жабық жүйесін көрсетілген. Жұтқыштар және жылу аккумуляторлық күн радиациясының рөлі, үйде жаппай бетон қабырғаға қаратып оңтүстік атқарады боялған түсі қараңғы, және сыртқы ауаның, бір, екі немесе үш шыны бөлінген. Қабырғасының жоғарғы және тәменгі бөліктерінде салқыннату (қоршаған ауаның) айналысы үшін арналған арналар болып табылады. [13]

Күн радиациясының әсерінен ауа, қабырғаға және қоршау жарық өткізгіш арасына қойылған жылытылатын және жоғарғы бөлмеде арналар арқылы жеткізілетін. Бұл тәменгі арналар арқылы бөлмеге түсетін салқын ауаны алмастырады. Осылайша ауаның табиғи айналымы үшін жағдайлар жасау және бөлмеде көп біркелкі температураны қамтамасыз етеді. Тұнде, жинақталған жылу қабырға бөлмеде беріледі. [24]

Еден кеңістікте жақын, әсіресе арна қабырғаларының жанында ауаның Қарқынды қозғалысы және адамдар ыңғайсыздық көзі болып табылады және олардың денсаулығына әсер етуі мүмкін. Сондықтан, розеткаға алдында қорғаныс экран орнату керек.

Назар аударуға тұрарлық Д.Шахурдидың ұсынысы. Даулмен және қабырға жарық өткізгіш арасындағы ғарыш өсімдіктерді өсіруге, оны пайдалану үшін жеткілікті үлкен болуы ұсынылады. Шыны күн сәуленің енү қатынасы температурасына байланысты өзгеріп отырады, онда жұқа пленка жабылған. Соңғы оң бұрыш астында оған құлайды, егер тәмен температурада, күн радиациясының шамамен 95% өтеді. Жылы күйде ол нашар ашық болып табылады. Нәтижесінде күн жылу күн, сондай-ақ суық ауа райында ғана емес парниктік кіреді.


Жылыту операциялық мекемелерде тәжірибесі айқын күні оңтүстік және шығыс қабырғаларында күн радиациясының жылу ағыны ғимараттың күнкөріс жылу шығынның орнын жабуга алатынын дәлелдеді. Пассивті гелиоқызырьштар негізінен жылу жоғалту ғимараттар өтеуге, бірақ осы жылыту маусымы кезінде айқын күн саны жеткілікті талап етеді. Кезде айқын күн саны кем дегенде 60 дерлік енжар жылыту жүйесі. Жылу беру күн маусымының

жалпы санының 70% тиімді болады. Бұлтты күндері пассивті жүйесінің тиімділігін айқын күн салыстырғанда, 50 номиналды қатысты 60% төмендейді, және нәтижесінде, жалпы балансында энергия үнемдеу пайзы шамалы болып табылады. Бұл жағдайда қажетті климаттық немесе қолдау (электр мысалы,) кәдімгі жылу көзі бар немесе батареяны қыздыру. Жылу жинақтау айтарлықтай пассивті жүйесінің тиімділігі мен сенімділігін арттырады. [48, 53]



## 1.2. Жазық күн коллекторының құрылымы мен жұмыс істеу принципі

Жазық күн коллекторы төменгі температуралы гелиоқұрылғылардың ішінде ең кеңінен таралған коллекторларды бірі болып саналады. Жазық күн коллекторлары (1.3-сурет) әйнек немесе мөлдір пластик жамылғыдан (бір, екі, үш қабатты), бір жағы қара түске боялып күнге қаратылған су жүретін арнасы бар жылу қабылдағыш беттен (панелден), оқшаулағыш (изоляциядан) материалдан және қораптан тұрады.



1.3-сурет. Жазық күн коллекторы: 1 – күн сәулесі; 2 – әйнек жамылғы; 3 – сыртқы қорабы; 4 – жылу қабылдайтын бет; 5 – жылу оқшаулағышы; 6 – тығыздықтаушы

Коллектордың қорабы (корпусы) келесі материалдардан жасалуы мүмкін: мырышталған темірден, алюминийден, ағаштан және пластамассадан. Ал жылу оқшаулағыш (изоляциясы) ретінде әртүрлі материалдар: минералды мақта, пенополиуретан және т.б. пайдаланылады. [19]

Күн радиациясының әсерінен жазық күн коллекторының жылу қабылдайтын бетті-панельдері қоршаған ортандың температурасынан артып  $70-80^{\circ}\text{C}$  температураға дейін қызуы мүмкін. Бұл беттің (панельдің) қоршаған ортаға конвекциялық жылу берілсін және оның аспан астына өзінің сәуле шығаруының артуына альш келеді.

Жылу қабылдайтын бет (панельдің) қоршаған кеңістікке жылулық шығындарды кеміту жылу қабылдағыштың төменгі бетін жабатын жылу оқшаулағыш (изоляциясын) және сонымен қатар жылу қабылдайтын бет-панельдерден қандай да бір қашықтыққа орналасқан жарыққа мөлдір дene-әйнек қолдану арқылы жүзеге асырылады. Осы жоғарыда аталған элементтер қорапқа (корпусқа) орнатылып, әйнектің мөлдір бетін тығыздау іске асады (1.3-сурет).

Жылу тасымалдағыштың жоғарғы температураларына қол жеткізу мақсатында жылу қабылдағыштың бетін күннің қысқа толқынды сәулесін белсенді түрде жүтатын (қара никель, қара хром, алюминийдегі хром оксиді,


мыстағы мыс оксиді) және оның өзінің меншікті жылулық шығындарын төмендететін спектрлік-тандалмалы қабаттармен жабады. [27]

Жазық күн коллекторларының сипаттамаларын жоғарылататын басқа амалдардың бірі жылу қабылдайтын бет-панель мен мөлдір әйнектің арасында жылу шығындарын болдырмау үшін ваккум жасау арқылы іске асырылады (тертінші буынды күн коллекторлары).

Жазық күн коллекторларының әртүрлі құрылымдары (конструкциялары) бар. Солардың ішінде кеңінен пайдаланылатын коллекторлардың құрылымы 1.3-суретте бейнеленген болатын. Беттігі түтік тәріздес коллектордағы күн сәулесін жүткыш есебінде сұйық жылу тасымалдағыш ретінде металл бетке үстінгі, астыңғы жағынан немесе бір жазықтықта дәнекерленген және бір-бірінен 50-150 мм қашықтықта тік төртбұрышты арналармен орналасқан диаметрлері 12-15 мм диаметрлі параллель түтіктер қолданылады.

Көбінесе беттік-түтік және алюминийден болатқа штампталған бет-панель түрлі екі түрдегі жылу қабылдағыш бет-панелдер қолданылады. Беттік-түтік тәріздес құрылым (конструкция) әртүрлі қималы түтіктер дәнекерленетін металл беттен тұрады (1.4-сурет). [31]

Күн беттік-абсорберлері іс жүзінде жылу шығындарын болдырмайды. Оның бетіне түсетең күн радиациясының тек 5-10%-ы ғана жамылғының түсіне және сапасына тәуелді шағылады.




1.4-сурет. Жазық коллекторлардың жылу қабылдайтын беттерінің сыйбанұсқасы: а) беттегі түтік; б) гофранған бет; в) штампталған бет; г) төрбұрыш арналармен дәнекерленген бет

Коллекторлардың басқа түрлерімен салыстырғанда жазық коллектордың айтарлықтай артықшылықтарының біріне тұра тұсken (сәулелік) күн энергиясын да, сонымен қатар шашыраган күн энергиясын да ұстайтындығын жатқызуға болады.

Күн сәулелі жылыту жүйелері деп жылу көзі ретінде күн радиациясының энергиясын пайдаланатын жүйелерді айтамыз. Басқа төмен температуралы жылу беру жүйелерінен сипаттамалық айырмашылығы ретінде арнайы гелиокабылдағыш элементтің қолданылуы болып табылатындығын айтуда болады.

Гелиоқабылдағыш негізінен күн радиациясын қабылдауға және оны жылу энергиясына түрлендіру үшін арналған. Күн радиациясын қолдану амалына байланысты төмен температуралы жылу берудің күн сәулелі жүйесі пассивті және активті болып екіге бөлінеді.

Пассивті деп күн сәулелі жылыту жүйесі аталады, онда күн радиациясын қабылдайтын және оны жылуға түрлендіретін элемент ретінде ғимараттың өзі немесе оның жеке қоршаулары қызмет ететін күн сәулелі жүйесін айтамыз (ғимарат-коллектор, қабырға-коллектор, шатыр-коллектор және т.б. (1.5-сурет)).



1 – күн сәулелері; 2 – мөлдір-сәулелі экран; 3 - ауалы жапқыш; 4 – қыздырылған ауа; 5 – бөлмеден сұтынылған ауа; 6 – қабырға сілемінің (массив) өзіндік ұзын толқынды жылу сәлеленуі; 7 – қабырғаның қара сәуле сіңіргіш беті; 8 – терезе жапқыш (жалпози)

1.5-сурет. «Қабырға-коллектор» күн сәулелі жылыту пассивті төмен температуралы жүйесі

Активті төмен температуралы жылу берудің күн сәулелі жүйесі аталады, онда гелиоқабылдағыш ғимаратқа қатысы жоқ жеке тәуелсіз құрылғы болып табылады. Активті гелиожүйелер келесідей түрде топталады:

- белгіленуі бойынша (ыстық сумен жабдықтау жүйелері, жылыту, аралас жүйелер жылу-сұықпен қамту мақсаты үшін);
- жылу тасығыштың қолданылу түрі бойынша (сұйықты – су, антифриз және ауалы);
- жұмыс істеу ұзақтылығына байланысты (жыл бойғы, мезгілдік);
- сыйба нұсқаның техникалық шешімі бойынша (бір-, екі-, көпконтурлы).

Ауа жұмыс параметрлерінің барлық аралығында кең таралған, қатпайтын жылу тасымалдағыш болып табылады. Оны жылу тасымалдағыш ретінде қолданған кезде жылу беру жүйесін желдету жүйесімен үйлестіруге болады. Алайда, ауа – аз жылу сыйымдылықты жылутасымалдағыш, ол ауа жылу беру жүйесі құрылғысына, сұлы жүйелермен салыстырғанда, металл шығының жоғарылауына алып келеді. [45]

Су жылу сыйымдылықты және қолайлы жылутасығыш болып табылады. Бірақ, 0°C-тан төмен температура кезінде оған қатпайтын сұйық қосу керек. Сонымен қатар, оттегімен қаныққан су құбыр және аппараттардың тат басуын туғызуын ескеру қажеттігін үмітпағанымыз жөн болар. Бірақ, сулы гелиожүйелерде металл шығыны айтарлықтай төмен, бұл оны кең пайдалануга ықпал етеді.

Мезгілдік ыстық сумен жабдықтау гелиожүйелері әдетте бір контурлы, жазғы және өтпелі айларда, сыртқы ауаның оң температурасы кезеңінде жұмыс істейді. Оларда қосымша жылу көздері болады, немесе қызмет етілетін объектінің тағайындалуына байланысты жылу көздерінсіз - ақ жұмыс істей алады.

Ғимаратты жылытудың гелиожүйелері екі контурлы немесе көп жағдайда көп контурлы, сонымен қатар әртүрлі контурларға әртүрлі жылутасымаңдағыштар қоланылу мүмкін (мысалы, гелиоконтурда – қатпайтын сұйықтардың сулы ерітінділері, аралық контурларда – су, ал тұтынушы контурында - ауа).

Ғимаратты жылу - сұықпен қамту мақсатындағы жыл бойлық әрекетті аралас гелиожүйелер көп контурлы. Органикалық отынмен немесе жылу трансформаторымен жұмыс істейтін дәстүрлі жылу генераторы түріндегі қосымша жылу кезінен тұрады.


Активті күн сәулелі жүйенің негізгі элементтері гелиоқабылдағыш, жылу аккумуляторы, қосымша қайнар көзі немесе жылу трансформаторы (жылу насосы), оның тұтынушысы (ғимараттың жылу беру және ыстық сумен қамту жүйелері) болып табылады. Әрбір нақты жағдайда элементтерді таңдау және құрастыруы климаттық фактормен, объектінің белгіленуімен, жылуды тұтыну режимімен, экономикалық көрсеткіштермен анықталады. [5]

### *Шоғырландырығыш гелиоқабылдағыштар*

Шоғырландырығыш гелиоқабылдағыштар сфералық немесе параболалық айналардан тұрады, параболоцилиндрлер (1.6 – сурет), өндөлген металдан жасалған, олардың фокусына жылуқабылдағыш элементі (күн сәулелі қазан) орналастырылады, ол арқылы жылутасығыш айналады. Жылутасығыш ретінде суды немесе қатпайтын сұйықтарды қолданады. Тұнгі уақытты және сұық кезеңде суды жылутасығыш ретінде қолдану кезінде міндетті түрде оның қатпауын алдын-алу үшін жүйені босатады.


Қабылдау және күн сәулелі радиацияны түрлендіру процестерін жоғары тиімділікті қамтамасыз ету үшін шоғырландырығыш гелиоқабылдағыш әрдайым міндетті түрде Күнге бағытталады. Осы мақсатта гелиоқабылдағыш қадағалау жүйесімен жабдықталады, ол (қадағалау жүйесі) күнге бағыттау датчигінен, сигналдарды түрлендірудің электронды блогынан, екі жазықтықта гелиоқабылдағыш құрылымын қайталауға арналған редукторы бар электрқозғалтқыштан тұрады.

1.7 – суретте параболоцилиндрлік концентраторты және сұйықты жылу аккумуляторы бар күн сәулелі жылытудың сұйықты аралас еki контурлы төмен температуralы жүйесінің принципиалды сұлбасы көрсетілген. Гелиоқабылдағыштың контурында жылутасымалдағыш ретінде – антифриз, ал жылыту жүйесінің контурында – су қолданылады.



а – параболалық шоғырлағыш (концентратор); б – параболоцилиндрлік шоғырлағыш; 1 – күн сәулелері; 2 – жылуқабылдағыш элемент (күн сәулелі коллектор); 3 – айна; 4 – қадағалау жүйесінің келтіру механизмі; 5 – жылутасығышты әкелетін және әкететін құбырлар

1.6–сурет. Шоғырландырғыш гелиоқабылдағыштар




1 – параболоцилиндрлік шоғырлағыш; 2 – сұйықтықты жылуаккумулятор; 3 – қосымша жылу көзі; 4 – термометр; 5 – жылу беру жүйесінің контуры, 6 – реттегіш вентиль; 7 – айналымды насос

1.7–сурет. Параболоцилиндрлі шоғырлағыш және сұйықтықты жылуаккумуляторы бар күн сәулелі жылу берудің сұйықтықты аралас еki контурлы төмен температуralы жүйесі

Шоғырландырғыш гелиоқабылдағышы бар жүйелердің ерекшелігі салыстырмалы жоғары температурада ( $100^{\circ}\text{C}$  - да дейін) жылуды және бу өндіру қабілеттілігі болып табылады. Кемшіліктеріне конструкцияның қымбат бағасын; көрінетін бетті шаңдан ылғи тазарту қажеттілігін; күндізгі уақытта ғана жұмыс істеуін, осыған байланысты үлкен көлемді аккумулятордың қажеттілігін; Күн жүрісін қадағалауына энергия шығынын, өндөлінетін энергиямен өлшемдестігін жатқызуға болады. Бұл кемшіліктер қазіргі таңда шоғырландырғыш гелиоқабылдағышы бар күн сәулелі жылдытудың активті төмен температуралы жүйесін кеңінен қолдануға бөгет болып отыр. Кейінгі кезде жылдытудың күн сәулелі төмен температуралы жүйелері үшін жазық гелиоқабылдағыштар жиі қолданылады. [8]

### *Күн коллектор*


Жазық күн коллекторы (1.8–сурет) шынылы немесе пластикалық жабындыдан (дара, екілік, үштік), қара түске жақтары боялған, күнге қаратылған, корпусы (металды, және пластикалы, шынылы, ағашты) және артқы жағы оқшауланған жылуқабылдағыш панельдерден тұрады.



1 – күн сәулелері; 2 – шыныландау; 3 – корпус; 4 – жылуқабылдағыш бет; 5 – жылу оқшаулағыш; 6 – жылуқабылдағыш пластинаның өзіндік үзін толқында сәулеленуі

1.8–сурет. Жазық күн коллекторы

1.8–суретте жазық күн коллекторы бар күн сәулелі жылдытудың сулы төмен температуралы жүйелерінің принципиалды сыйбанұсқасы көрсетілген, онда, яғни күн коллекторларында күн сәулесі радиациясың әсері жойылған кезінде жазық күн коллекторларында автоматты дренажы қарастырылған.




1 – жазық күн коллекторлары; 2 – кеңейткіш бак; 3 – қосымша жылу көзі; 4 – жылуалмасытырғыш; 5 – жылу беру аспатары; 6 – айналымды насостар; 7 – бакжылуаккумулятор.

